

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ХАТТАМАСЫ №6

Күні: 26.02.2026ж

Өткізілген орны: Мектеп АКТ залы

Қатысушылар:

1. Каппасов Кайрат Жомартович- «Атбасар аудандық мәслихатының аппараты»ММ ұйымдастыру бақылау бөлімінің басшысы
2. Абдигожина Жанар Фазыловна - «Атбасар мәдениет үйі» МҚКК директоры
3. Алтыбаева Зауреш Хасимовна –Атбасар ауданы әкімдігі, бас маман
4. Кенжебаева Камшат Сыралықызы – ата-ана
5. Сейлова Аина Болатовна - ата-ана
6. Бимаганбетов Руслан Олжабаевич - Патрульдік полиция взводының командирі
7. Садыкова Карлыгаш – ЖК «Жібек жолы» директор
8. Тажиев Багдат –жеке кәсіпкер
9. Мейрамова Аида Мейрамовна ЖК « Мейрамова» директор
10. Есімбай Аділхан- асхана меңгерушісі

КҮН ТӘРТІБІ:

Мектептің санитарлық-гигиеналық жағдайын, тамақ өнімдерінің сапасын, ішу режимін және асхананың жалпы жай-күйін тексеру қорытындылары.

«Адал азамат» бағдарламасы аясындағы құндылықтарының орындалу барысы туралы.

1. БІРІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды: Кеңес төрағасының орынбасары Абдигожина Ж мектеп асханасына жүргізілген қоғамдық мониторинг нәтижелерін баяндады. Ол тамақ өнімдерінің сақталу мерзімі, мәзірдің сәйкестігі және ішу режиміне арналған су фонтандарының тазалығы тексерілгенін айтты.

Сөз сөйледі: Мектеп медбикесі Сейсембай Г күнделікті бракераж журналының жүргізілуі және оқушылардың қол жуу гигиенасы үшін жасалған жағдайлар туралы ақпарат берді.

Ұсыныс: Асханадағы ыдыс-аяқтарды жаңарту және витаминделген мәзірдің сақталуын қатаң бақылау.

2. ЕКІНШІ МӘСЕЛЕ БОЙЫНША:

Тыңдалды: Мектеп директоры Н.А. Алкенова «Адал азамат» бағдарламасының негізгі бағыттарына тоқталды. Оқушылар бойында «Адал азамат» қасиеттерін қалыптастыру мақсатында өткізілген «Адалдық дүкені», «Тазалық эстафетасы» сияқты іс-шаралардың нәтижелерімен бөлісті.

Сұрақ: ҚК мүшесі Алтыбаева З оқушылардың мектеп мүлкіне ұқыпты қарау мәдениеті қалай деңгейде екенін сұрады.

ШЕШІМ: Тәрбие бағдарламасының іске асырылуы «жақсы» деп танылсын.

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ МЕН ШЕШІМІ:

Күн тәртібіндегі мәселелерді қарап, Қамқоршылық кеңес ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Санитарлық жағдай мен тамақтану бойынша:

Мектеп асханасындағы тамақ сапасы мен санитарлық жағдай қанағаттанарлық деп танылсын.

Мектеп әкімшілігіне оқушылардың ішу режимін (таза ауыз су) тұрақты бақылауда ұстау және сүзгілерді уақытылы ауыстыру жүктелсін.

Ай сайын ҚК мүшелерінің қатысуымен «Асхана сапасы — ата-ана бақылауында» рейдтерін жалғастыру.

Тәрбие жұмысы бойынша:

«Адал азамат» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының белсенділігі арттырылсын.

Мектеп фойесінде және сыныптарда «Адал азамат» құндылықтарын насихаттайтын ақпараттық бұрыштар жаңартылсын.

Ашықтық:

Осы отырыстың шешімі мен асхана мониторингінің фотоесебі мектептің Instagram парақшасында жариялансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы  К.Ж. Каппасов

Хатшы:  Муканова Т.

